

## Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### ***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2016 жылғы 1 наурыздағы № 54/302-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 3630 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2018 жылғы 19 наурыздағы № 28/154-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 19.03.2018 № 28/154-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Түркістан қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрацияларды өткізу тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат

сессиясының төрағасы

Қалалық мәслихат

хатшысының міндетін атқарушы

*Б.Сулейменов*

*Б.Тұрды*

Түркістан қалалық мәслихаттың

"1" наурыз 2016 жылғы

№ 54/302-V шешімімен бекітілген

**Түркістан қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының (одан әрі – Заң) 10 бабына сәйкес әзірленіп, Түркістан қаласында жиналыстар,

митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді.

2. Зандарда жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар деп аталатын қоғамдық, топтық және жеке мұдделер мен қарсылық білдірудің нысандары ретінде, сонымен қатар қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыштар тұрғызыуды және пикет қоюды түсіну керек.

## **2. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің тәртібі**

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы Түркістан қаласының әкімдігіне өтініш беріледі.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысуышылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, экесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқытын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Түркістан қаласының әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

5. Түркістан қаласының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

6. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу туралы өтініш беру кезінде осы тәртіптің 4 тармағының талаптары орындалмаған жағдайда (сөз – процедуралық талаптар жөнінде), ол өткізуден бас тартуға және бас тарту мазмұнында жауап қайтаруға негіз бола алмайды.

Мұндай жағдайда Түркістан қаласының әкімдігі жол берілген кемшілікті жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап есептеледі.

7. Митинг, шеру, пикет және демонстрациялар өткізу бойынша белгіленген тәртіппен берілген барлық өтініштерді қарау шеңберінде Түркістан қаласының

әкімдігімен оларды ұйымдастырушыларға талқылау және көтерілген мәселелерді қарау үшін баламалы алаңшаларды, яғни шараны өткізетін басқа уақыт пен басқа орынды ұсынылуы мүмкін.

8. Митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізуге рұқсат беруден жергілікті атқарушы орган бас тартқан жағдайда немесе оны тыйым салу туралы шешім қабылданғанда, ұйымдастырушылар барлық дайындық шараларын тез арада тоқтатуға және бұл туралы ықтимал қатысуышыларды хабардар етуге міндettі.

Шешімге қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен шағым жасауға болады.

Ұйымдастырушылар өз еркімен дайындық шараларын тоқтату бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда (ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінің жалғасқан жағдайларды қоса алғанда) әкімдік қалыптасқан жағдайларды және ықтимал тәуекелдерді есепке ала отырып, өз ресми интернет сайтында рұқсат етілмеген акцияларда қатысу жауапкершілігін ескерте отырып, митинг жүргізуға бас тарту туралы, сондай-ақ мүмкіндігінше ұйымдастырушылар тарапынан заңсыз митингтерге және сондай сияқты іс-шараларға шақырулар орналасқан барлық ресурстарда ақпаратты орналастыру тиісті.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысуышылардың сөз сейлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысуышылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндettі.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысуышылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфракұрылым объектілерінің ұздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Түркістан қаласының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыштар тұрғызыуна;

4) жасыл желеңтерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

5) өзімен бірге сүйк қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

6) митингілер, шерулер, пикеттер және демонстарцияларға алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғалардың қатысуына;

7) алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер

төндіруі не жеке және занды тұлғаларға материалдық нұқсан келтіруі мүмкін езге де заттарды алып жүргуге;

8) қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға, біреудің ар-намысына тиетін немесе әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық алауыздықты қоздыруға бағытталған, сол сияқты жеке немесе занды тұлғалардың құқықтарын кемсітетін транспаранттарды, ұрандар және басқа да материалдарды (визуалды, аудио/видео) дайындауға және қолдануға;

9) митингі, шеру, пикет және демонстация өтетін орында: алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды, олардың балама түрлерін және прекурсорларды қолдануға;

10) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.

Үекілдер (ұйымдастырушылар) көзделген нормаларды бұзған жағдайда занда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

12. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар осы Заңмен белгіленген тәртіпті сақтап өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге және демонстрацияларға кедергі жасауға құқылы емес.

13. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылышын құш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандары мен езге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Түркістан қаласының әкімдігі бұларды өткізуге тыйым салады.

Бұқаралық шараларды темір жол су және әуе көлігінің обьектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді .

14. Түркістан қаласында жиналыстар, митингілер өткізу орындары болып Түркістан қаласындағы Есімхан алаңы, О.Жарылқапов атындағы стадионы, Қабанбай батыр аллеясы, Н.Оңдасынов аллеясы және Алматы аллеясы белгіленсін.

15. Түркістан қаласының әкімдігімен белгіленген жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу орындары видео бақылау

камераларымен, сонымен қатар мобильды бейне жазба кешендерімен, орындықтармен, жарықпен және құл-қоқыс салатын жәшіктөрмен жабдықталады.

Түркістан қаласының әкімдігі бұл аумақтардың жиналудың және тазалығын қамтамасыз ету міндettі.

16. Түркістан қаласында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруты болып Түркістан қаласындағы Арбат аллеясы белгіленсін.

17. Пикет өткізу кезінде:

- 1) пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға;
- 2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;
- 3) пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлақтандырулар қышқыруға рұқсат етіледі.

18. Пикетті өзге нысанға (митинг, жиналыс, шеру, демонстрацияға) өзгерту белгіленген тәртіппен Түркістан қаласы әкімдігінен рұқсат алу талап етіледі.

19. Түркістан қаласының әкімдігі бір күнде, бір уақытта және бір орында үшеуден аспайтын жеке дара пикетті өткізуге рұқсат беруі мүмкін.

Түрлі жеке дара пикеттерге қатысушылар бір-бірінен 50 метрден кем емес қашықтықта орналасуы немесе бір-біріне айқын көрініп тұруы қажет.

20. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде осы Заңның 4, 5 және 7-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтарында өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Түркістан қаласының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

Түркістан қаласының әкімдігі өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

Жиналыстар, митинг, шерулер, пикет және демонстрациялар кезіндегі қүштеп жолын кесу немесе әкімшілік істі қозғау туралы мәселесі акция мақсатына байланысты қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке елеулі түрде ықпал етуі мүмкін немесе әсер еткен жағдай болған кезде ғана қойылады, сондай-ақ бір немесе мына жағдайларда:

- 1) бұзушылық анық және өрескел болып табылған жағдайда;
- 2) әкімшілік жауапкершілікке тарту профилактикалық әсерге әкеліп соғатынына жоғары мүмкіндік болған кезде;
- 3) ұйымдастырушы болып табылатын тұлға жоғары тәуекелге алып келеді және де оған әкімшілік қамау қолдануды талап етеді.

Басқа жағдайларда жиналыстар, митинг, шерулер, пикет және демонстрация кезінде күштеп жолын кесуден және жауапкершілікке тартуды барынша бас тарту, жағдайдың мониторингімен шектеліп және түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

### **3. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

21. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды үйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысуышылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі туындаған барлық қосымша шығындарды оларды үйымдастырушылар өтейді.

22. Жиналыстар мен митингілерді үйымдастырудың және өткізудің Заңмен белгіленген тәртібі еңбек ұжымдарының және қоғамдық бірлестіктердің заңдарға, өздерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес жабық үй-жайларда өткізілетін жиналыстарына қолданылмайды.